

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 30 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 381-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 27.09.2023 № 381-НҚ бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті қамтамасыз етсін:

1) бес жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықта Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 30 бұйрығымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің
Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 04.07.2022 № 233 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) мемлекеттік жастар және отбасы саясаты салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан тұседі.

5. Комитеттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет тәрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, № 15 кіреберіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 03.08.2023 № 324-НҚ бұйрығымен.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заннамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

13. Комитет:

- 1) Жастар саясатын үйлестіру басқармасынан;
- 2) Отбасы саясатын үйлестіру басқармасынан;
- 3) Мониторинг және талдау басқармасынан;
- 4) Ведомствоаралық үйлестіру және өнірлік өзара іс-қимыл басқармасынан;
- 5) Жобаларды үйлестіру басқармасынан құралады;
- 6) Гендерлік саясатын үйлестіру басқармасы.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 03.08.2023 № 324-НҚ бүйрүғымен.

2-тарау. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері

14. Міндеттері:

- 1) мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыруға қатысу;
- 2) Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 3) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру;

15. Құқықтары мен міндеттемелері:

15.1. Құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау;
- 2) Комитет жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру;
- 3) қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан сұрату және алу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде

олармен келісу бойынша мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

5) жастар және отбасылық саясаттың дамуына үлес қосқан адамдарды мемлекеттік наградаларға ұсыну туралы ұсыныстар енгізу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

15.2. Міндеттемелері:

1) Комитеттің құзыреті шегінде іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

2) Комитетке берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыру;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

4) Комитеттің құзыреті шегінде конкурстар, фестивальдар, конференциялар, семинарлар және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

Жастар саясатын үйлестіру басқармасы:

стратегиялық:

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

реттеуші:

басқарманың құзыреті шегінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Министрдің бұйрықтарында оларды бекітуге тікелей құзыреті болған кезде, ведомство құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

респубикалық жастар форумын өткізу тәртібін және өнірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидаларды әзірлеу;

"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін әзірлеу;

тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;

іске асыру:

құзырет шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жастар үйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

басқарманың құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі қеңестің қызметін қамтамасыз ету;

мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру және үйлестіру;

басқарманың құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыреті шенберінде жинақтардың, ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және Комитет пен Министрліктің сайттарын жастар саясаты саласындағы қажетті ақпаратпен толтыруды қамтамасыз ету;

ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

басқарманың құзыреті шегінде Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірынғай платформасында ақпаратты орналастыру және өзектендіру;

ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

басқарманың құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, коммерциялық емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-кимыл жасау;

басқарманың құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша талдамалық ақпараттар, анықтамалар, шолулар дайындау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарau;

мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптамалық қеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

қоғамдық қеңестің ұсынымдарын қarau;

жастар саясаты мәселелері бойынша республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

басқарманың құзыреті шегінде зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

мемлекеттік жастар саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру; респубикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

басқарма қызметінің мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;

мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға, іске асыруға, іске асырылу мониторингін жүргізуғе және олардың нәтижелерін бағалауға қатысу;

жастардың волонтерлік қызметті дамытуға жәрдемдесуі;

Министрлік жаңындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру және оның қызметін қамтамасыз ету;

үкіметтік емес ұйымдардың адамгершілік-рухани дамуға бағытталған қызметін үйлестіру және қолдау;

мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

жастар мәселелері бойынша респубикалық іс-шараларды ұйымдастыру және откізу;

басқарманың құзыреті шегінде көрсетілген қызметтер актілерін қарау және келісу;

басқарманың құзыреті шегінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланған және іске асырылатын тақырыптарын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нәтижелерін бағалауды Министрліктің интернет-ресурсында орналастыру;

басқарманың құзыреті шенберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақытылы орындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

жастар саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру қағидаларын әзірлеу;

жеке қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органның басшылауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізу;

қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрау салуы бойынша хабардар ету тәсілінің және реттеуші саясаттың консультативтік құжатын жария талқылауды жүргізу тәсілінің (тәсілдерінің) толықтығы бойынша қорытынды беру;

жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

Отбасы саясатын үйлестіру басқармасы:

стратегиялық:

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

реттеуші:

басқарманың құзыреті шегінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Министрдің бұйрықтарында оларды бекітуге тікелей құзыреті болған кезде, ведомство құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;

іске асыру:

отбасы мәселелері бойынша республикалық және халықаралық іс-шараларды үйымдастыру және өткізу;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық ақпараттар, анықтамалар, шолулар дайындау;

мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын үйымдастыру және жүзеге асыру;

ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды үйымдастыру және үйлестіру;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

басқарманың құзыretі шегінде Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында ақпаратты орналастыру және өзектендіру;

ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және отбасылық саясат салаларында үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттық қаржыландыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптамалық кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарau;

құзыret шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretі шегінде зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretіне кіretін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

отбасы саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

респубикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыretі шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

отбасы саясатын іске асыру жөніндегі қызметті әдіstemелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

басқарма қызметінің мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

отбасы саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға, іске асыруға, іске асырылу мониторингін жүргізуғе және олардың нәтижелерін бағалауға қатысу;

басқарманың құзыretіне кіretін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

отбасы саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

отбасылармен жұмысты іске асыратын үкіметтік емес ұйымдар, дағдарыс орталықтары откізетін іс-шараларға тұрақты қатысады қоса алғанда, олармен өзара іс-қимыл жасау;

отбасылық мәселелер бойынша брифингтер және өзге де бұқаралық іс-шаралар дайындау;

отбасы саясаты мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге де субъектілердің қызметін үйлестіру;

басқарманың құзыretі шегінде көрсетілген қызметтер актілерін қарau және келісу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

басқарманың құзыretі шегінде Министрліктің интернет-ресурсында жоспарланатын және іске асырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды орналастыру;

мемлекеттік отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

басқарманың құзыretі шенберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақтылы орындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

жеке қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындастырылған тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізу;

қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрау салуы бойынша хабардар ету тәсілінің және реттеуіші саясаттың консультативтік құжатын жария талқылауды жүргізу тәсілінің (тәсілдерінің) толықтығы бойынша қорытынды беру;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Мониторинг және талдау басқармасы:

стратегиялық:

басқарманың құзыretіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

реттеуіш:

басқарманың құзыреті шегінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Министрдің бүйрықтарында оларды бекітуге тікелей құзыреті болған кезде, ведомство құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;

жастардың даму индексін ендіру мен қолдану қағидаларын әзірлеу; іске асыру:

құзырет шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыреті шегінде зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

өз құзыреті шенберінде мемлекеттік жастар және отбасы саясаты саласындағы қызметті ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты салаларындағы үрдістерді жүйелі талдауды және болжауды жүзеге асыру, сондай-ақ анықтамалық материалдарды дайындау;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық ақпарат, анықтамалар, шолулар дайындау;

басқарманың құзыреті шенберінде жинақтардың, ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және Комитет пен Министрліктің сайттарын жастар және отбасы саясаты салаларындағы қажетті ақпаратпен толтыруды қамтамасыз ету;

ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

басқарманың құзыреті шегінде Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірынғай платформасында ақпаратты орналастыру және өзектендіру;

ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

Министрлік жетекшілік ететін салалар бойынша мамандардың қажеттілігі туралы Кадр және әкімшілік жұмыс департаментіне ұсыныстар әзірлеу;

ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыру;

Комитеттің құзыреті шенберінде стратегиялық және операциялық жоспарды пысықтауды және келісуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарau;

мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптамалық кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын

консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын саралтама қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты салаларындағы қызметті ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың үрдістерді талдауды және болжауды жүзеге асыру;

отбасылық саясат саласындағы үдерістерге жүйелі талдауды жүзеге асыру;

басқарма қызметінің мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және нәтижелерін бағалауға қатысу;

мемлекеттік жастар және отбасы саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

"Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және Үйлестіру;

мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету жөніндегі ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

басқарманың құзыреті шегінде қызмет көрсету актілерін қарау және келісу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сottарға талап қоюды беру;

басқарманың құзыреті шегінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланған және іске асырылатын тақырыптарын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нәтижелерін бағалауды Министрліктің интернет-ресурсында орналастыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

басқарманың құзыреті шенберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақтылы орындау бойынша жұмысты қамтамасыз ету;

жеке қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органның басшылауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізу;

қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрау салуы бойынша хабардар ету тәсілінің және реттеуші саясаттың консультативтік құжатын жария талқылауды жүргізу тәсілінің (тәсілдерінің) толықтығы бойынша қорытынды беру;

жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ведомствоаралық үйлестіру және өнірлік өзара іс-қимыл басқармасы:
стратегиялық:

мемлекеттік жастар саясаты саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

отбасылық саясат саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, оның ішінде халықаралық құқықтық құжаттар ережелерінің сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында отбасы мәселелері жөніндегі халықаралық жобаларды іске асыру мониторингін қамтамасыз ету;

реттеуші:

басқарманың құзыреті шегінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Министрдің бүйіркітірінде оларды бекітуге тікелей құзыреті болған кезде, ведомство құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту; әкімдіктер жаңындағы жастар істері жөніндегі кеңестер туралы үлгілік ережені әзірлеу;

жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені әзірлеу;

тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;

жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін түрғынжай беру қағидаларын әзірлеу.

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу;

іске асыру:

құзыреті шенберінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыреті шенберінде зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

басқарманың құзыреті шенберінде жинақтардың, ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және Комитет пен Министрліктің сайттарын жастар және отбасы саясаты салаларындағы қажетті ақпаратпен толтыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

Министрлік ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

басқарманың құзыреті шегінде Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында ақпаратты орналастыру және өзектендіру;

ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптамалық кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және занды тұлғалардың жолданымдарын қарau;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық ақпараттар, анықтамалар, шолулар дайындау;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

басқарма қызметінің мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

мемлекеттік жастар және отбасы саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар өзірлеу;

білім және тәрбие беру жүйесі үйымдарына мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қажетті консультативтік көмек көрсету;

респубикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыretі шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға, іске асыруға, іске асырылу мониторингін жүргізуге және олардың нәтижелерін бағалауға қатысу;

басқарманың құзыretі шегінде көрсетілген қызметтер актілерін қарау және келісу;

жастарды адамгершілік-рухани дамыту, отбасы саясаты саласындағы мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды үйымдастыру және үйлестіру;

басқарманың құзыretі шенберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақытылы орындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretі шегінде Министрліктің интернет-ресурсында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын және іске асырылатын тақырыптарын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды орналастыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

басқарманың құзыretі шегінде нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

уақытша бос жүрген жастармен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тетіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын үйымдастыру және жүргізу;

жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

мемлекеттік органдардың уақытша бос жүрген жастар санын азайтуға бағытталған іс-шаралар жөніндегі қызметтін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

Жобаларды үйлестіру басқармасы:

реттеуші:

басқарманың құзыretі шегінде адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Министрдің бүйрықтарында оларды бекітуге тікелей құзыretі болған кезде, ведомство құзыretіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

іске асыру:

құзыret шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretі шегінде заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

респубикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыretі шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және гранттық қаржыландыру шенберінде жастар және отбасы саясаты саласындағы іс-шаралардың уақтылы орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру жөніндегі конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

басқарманың құзыretі шегінде Министрліктің интернет-ресурсында жоспарланатын және іске асырылатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды орналастыру;

басқарманың құзыretі шенберінде жинақтардың, ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және Комитет пен Министрліктің сайттарын жастар және отбасы саясаты салаларындағы қажетті ақпаратпен толтыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және гранттық қаржыландыруды қалыптастыруға, іске асыруға, іске асыру мониторингіне және нәтижелерін бағалауға қатысу;

ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыру;

басқарманың құзыреті шеңберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақтылы орындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау;

жастар және отбасы саясаты салаларында Комитеттің бюджетіне ұсыныстар дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде көзделген шығыстарды нақтылау;

жастар және отбасы саясаты салаларындағы іс-шаралардың уақтылы орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

жастар және отбасы саясаты салаларында үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және гранттық қаржыландыру шеңберінде жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық ақпарат, анықтамалар, шолулар әзірлеу;

басқарманың құзыреті шеңберінде қызмет көрсету актілерін қарау және келісу;

ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру және үйлестіру;

мемлекеттік жастар және отбасы саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

оператор арқылы гранттар беру, интернет-ресурста мемлекеттік жастар және отбасылық саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын және олардың нәтижелерін бағалауды орналастыру бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін және олардың нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

басқарманың құзыреті шеңберінде мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары іс-шараларының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу, оларды сапалы және уақтылы орындау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы операторға Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік гранттар беру;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Гендерлік саясатын үйлестіру басқармасы:

стратегиялық:

басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

реттеуши:

адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, заннамада оларды бекіту бойынша тікелей құзыretі болған кезде басқарманың құзыretіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және келісу;

іске асыру:

құзыret шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretі шегінде зандар мен басқа нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

басқарманың құзыretіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

гендерлік саясат саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

басқарманың құзыretі шегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру;

гендерлік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

басқарма қызметінің мәселелері бойынша заннаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

гендерлік саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

гендерлік саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға, іске асыруға, іске асырылуын мониторингтеуге және нәтижелерін бағалауға қатысу;

гендерлік саясат саласында республикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

гендерлік саясаты саласындағы үрдістерді жүйелі талдау;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Эйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен гендерлік саясат саласындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

гендерлік саясат саласындағы нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;

басқарманың құзыretі шегінде үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде олар өткіzetін іс-шараларға тұрақты қатысу;

гендерлік саясат мәселелері жөніндегі брифингтер мен өзге де жария іс-шараларды дайындау;

гендерлік саясат мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге субъектілердің қызметін үйлестіру;

басқарманың құзыretі шегінде қызмет көрсету актілерін қарастыру және келісу;

Комитет құзыretі шеңберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі күжаттарының іс-шараларын сапалы және уақтылы орындау, нысаналы индикаторларға, көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша жұмысты қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 03.08.2023 № 324-НҚ бұйрығымен.

3-тaraу. Комитет басшысының қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның мәртебесі мен өкілеттіктері

17. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты төраға жүзеге асырады.

18. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

20. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) Министрдің, Министрліктің аппарат басшысының және жетекшілік ететін вице-министрдің тапсырмаларын міндетті түрде орындаиды;

2) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттемелері мен өкілеттіктерін айқындаиды;

3) өз құзыretі шегінде бүйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін лауазымға тағайындаиды және лауазымнан босатады;

5) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелей, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселелерін шешеді;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) Комитеттің құрылымдық бөлімшелердің ережесін бекітеді;

8) мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға, орындалған

жұмыстардың актілеріне, сондай-ақ жетекшілік ететін салалар шенберіндегі шарттарға қол қояды;

9) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің туындауына ықпал ететін іс-әрекеттер тіркелген жағдайларда, бұл туралы Министрліктің басшылығын хабардар етеді

10) Комитет қызметкерлері мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Комитетте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шараларға дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік жастар және отбасы саясатының дамуына үлес қосқан адамдарды алғыс хаттармен және құрмет грамоталарымен көтермелеу мәселелерін шешеді;

13) өзінің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды ;

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асыралы.

21. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындейды.

22. Комитет төрағасының орынбасарлары:

1) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
2) міндетті тұрде Министрдің, Министрліктің аппарат басшысының, жетекшілік ететін вице-министрдің және Комитет төрағасының тапсырмаларын орындаиды;

3) өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-тaraу. Комитеттің мұлкі

23. Комитет заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін. Комитеттің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Комитетке бекітіп берілген мұлік республикалық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғанған мұлікті өз бетінше иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тaraу. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК